ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

26 наурыз 2024 жыл №4712-24-00-2/575 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Жумашева» басшысы Карлыгаш Камисбаевна Жумашева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2) мемлекеттік сатып алу шартын бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Жумашева» басшысы Карлыгаш Камисбаевна Жумашеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және шартты бұзу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жумашева» басшысы Карлыгаш Камисбаевна Жумашева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны мен жеке кәсіпкер «Жумашева» басшысы Карлыгаш Камисбаевна Жумашева арасындағы 16.01.2024 жылғы «Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы» №1 шарты бұзылсын.

Жеке кәсіпкер «Жумашева» басшысы Карлыгаш Камисбаевна Жумашевадан Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау техникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының

пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 02.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.05.2024, судья Тленов А. Ш., 15.05.2024

4712-24-3-1/453